РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

SAQSHY

№38 (4588)

www.polisia.kz

Газет 1933 жылдан бастап шығады

Жұма, 22.05.2020

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Хасан Руханимен сөйлесті

Тараптар қазақ-иран қатынастарының қазіргі ахуалы мен даму перспективаларын, соның ішінде сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылады.

Хасан Рухани Иран тарапының Қазақстанмен тауар айналымын арттыруға мүдделі екенін атап өтіп, «Қазақстан-Түрікменстан-Иран» темір жолының, сондай-ақ, Каспий теңізі арқылы өтетін мультимодальді дәліздердің әлеуетін тиімді пайдаланудың өзектілігіне тоқталды.

Осы орайда Иран тарапы жүк тасымалын ұлғайту мақсатында аталған көлік бағыттарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін бірлескен жұмыстардың маңызды екенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты экономикалық байланыстарды жандандырудың нақты шараларын үкіметтер деңгейінде әзірлеуді ұсынды.

Мемлекеттердің COVID-19 індетіне қарсы күреске қатысты қабылдаған шараларына ерекше назар аударылды.

Иран Президенті індеттің таралуын болдырмау жөніндегі Қазақстан басшылығының қабылдаған шешімдері мен атқарған іс-қимылдарын, сондай-ақ, халық арасында кең ауқымда жүргізілген коронавирусты анықтау жұмыстарын жоғары бағалады.

Әңгіме соңында Хасан Рухани Қасым-Жомарт Тоқаевты Тегеранға ресми сапармен келуге шақырды.

Akorda.kz

ХАБАРЛАНДЫРУ

2020 жылғы 9 маусымда сағат 16.00-де Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың халықпен есеп беру кездесуі өтеді.

Министрге сұрақтар мен ұсыныстарды «Polisia.kz» ведомстволық медиа порталы арқылы «Сұрақ/жауап» арнайы бөліміне, Call-орталығының телефондарына: 8(7172)72-20-92, 72-22-59, 71-52-31 немесе qriim_mvdrk@polisia.kz электрондық мекен-жайы бойынша жіберуге болады.

Есеп беру кездесуі онлайн режимде Facebook, Instagram және ВКонтакте әлеуметтік желілеріндегі Министрліктің ресми парақшаларында, Youtube арнасында тікелей эфирде жүргізіледі.

Сұрақтар ағымдағы жылдың 9 маусымына дейін қабылданады.

Жеке куәлік жүргізушінің басты құжатына айналады

ІІМ тарапынан ұсынылған өзгерістерге байланысты бұдан былай көлік құралының иелері өзімен бірге қаптаған құжатты тасуға міндетті емес.

Нұржайнат ХАМЗАЕВА, Нұр-Сұлтан

Бұл туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев 20 мамырда өткен Мәжіліс отырысында ТМД елдерінің көлік құралдарының ұрлығына қарсы күрестегі ынтымақтастықты реттейтін заң жобасы нормаларын талқылау кезінде мәлімдеді.

Министрдің айтуынша, енді көлік жүргізушілері тәртіп сақшыларына көлікті тексеру кезінде тек жеке басын куәландыратын құжатты көрсетсе жеткілікті. Бұл мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы екен. Полиция қызметкері мәліметтер базасына тіркелген планшетке азаматтың жеке сәйкестендіру нөмірін енгізу арқылы құжат иесінің атында қандай көлік барын, жүргізуші куәлігі мен оның жарамдылық мерзімі, сақтандыру полисінің мерзімі, көліктің техникалық байқаудан өтуі және тіркеу куәлігі туралы ақпараттарды ала алады. Көлік құралы туралы барлық ақпарат Ішкі істер министрлігінің бірыңғай интеграцияланған жүйесінде орналасады. Жүйеде айыппұлдар туралы деректер де болады. Бұған дейін министр ТМД бойынша ұрланған көліктердің ортақ базасы жасалып жатқаны туралы айтқан болатын. Одан бөлек біздің елімізде ұрланған автокөліктердің қай елдерге шығарылып, саудаланып келгені туралы да сөз етілді. Автокөлік туралы ақпарат алу үшін бір ғана құжаттың болуы Еуропаның бірнеше елінде бар тәжірибе. Сондықтан осы тұста Қазақстан өзге елдерден бір қадам озып келе жатыр деп айтуға негіз бар.

Президент Қ.Тоқаев жол-патрульдік полиция қызметкерлерін жүргізушілерге құжаттарын үйде ұмыт қалдырғандары үшін бірден айыппұл салмай, бірінші рет ескерту жасауға шақырған болатын. Ол адамдардың құжаттың қағаз жүзіндегі нұсқасын үнемі өзімен бірге алып жүруі сандық технологиялардың әлі де кемшіліктері бар болуында деді.

Әдетте жол-патрульдік полиция қызметкерлері көлік жүргізушілерін тоқтатқанда, оның жүргізуші куәлігінен бастап басқа да тиісті құжаттарын тексеретін. Ондай құжаттардың қатарына жүргізуші куәлігі, сақтандыру полисі, көлік құралын тіркеу туралы куәлік, техникалық байқаудан өткендігі туралы арнайы анықтама жатады. Жаңа өзгерістердің енгізілуі бір жағынан қағазбастылықты азайтса, екінші жағынан тексеру шараларының жылдам өтуіне сеп болады. Енді темір тұлпар иелері өзінің жеке куәлігін ұмытпай алып жүруді ойлауы керек. ЖСН енгізген уақытта барлық ақпарат өзі-ақ шығып тұрады, оған қоса сақтандыру полисіне неше адам тіркелгендігін де білуге болады.

Айта кетерлік жайт, өткен жылдың 1 қаңтарынан бастап үкімет «қағаз» түріндегі сақтандыру құжатынан бас тартып, оны онлайн режимге ауыстырған-тын. Оған дейін көлік иесі беретін сенімхат алынып тасталып, көлікті жүргізуге құқығы бар азаматтардың есімдері көлік құралының сақтандыру полисінде көрсетілетін болды.

Байқап отырғанымыздай, ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты құжаттамалар біртіндеп сандық форматқа өтуде. Бұл деректердің бір базаға бағындырылып, керек мағлұматтың оңай табылуына септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Дегенмен, көлік иелері Қазақстан шекарасынан асатын болса, құжаттардың жеке-жеке өзімен бірге болуы талап етіледі. Яғни жеке куәлікпен сіз тек мемлекет аумағында ғана еркін жүре аласыз.

Сурет ғаламтордан алынды

2-бет

Елорда барлық өңірге үлгі болуы тиіс — А. Мамин

ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен Нұр-Сұлтан қаласының жаңа орталығын салу барысын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысы өтті.

3-бет

Төсбелгімен марапатталды

Ақтөбе облысы ПД-де бар күш-жігерін облыс көлемінде құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрес шараларының сапасын арттыруға жұмсаған ардагерлердің еңбектері назардан тыс қалмайды және үнемі қолдау көрсетіліп отырады.

4-бет

Құнды жәдігерлер мұражайға табысталды

Ақтөбе облысы ПД мұражайында «Мұражайға сыйлықтар» акциясы өтті.

6-бет

Сұлтанғалиевтер әулеті

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы – ел игілігі үшін үш атадан бері ішкі істер саласында қызмет етіп келе жатқан Сұлтанғалиевтер әулетінің ата мекені. Аталары Хасан туралы балалары мен немерелері бүгінде үлкен мақтанышпен еске алып отырады.

ИТАЛИЯ

ПИКАССО КАРТИНАСЫН ҰТЫП АЛДЫ

Италия тұрғыны Пабло Пикассоның құны 1 млн еуродан асатын картинасын лотереядан ұтып алды.

Картина 1921 жылы салынған. Натюрморт. Christie's аукцион үйі ұйымдастырған ойында 50 мың билет ойнатылған. Әр билет 100 еуроға сатып алынған.

– Тіпті картина үйдің қабырғасында ілініп тұрса да, оны ұрлап кетеді дейтіндей қауіп жоқ. Әрине, оны сақтандыру керек болады. Бірақ бұл картинаны миллиондаған адам көрген. Бір де бір ұры оны қайта сата алмайды, – дейді лотерея ұйымдастырушысы Пери Кошен.

Жиналған ақшадан 900 мың еуро картинаның бұған дейінгі иесіне беріледі. Қалған сома қайырымдылық ұйымдарына аударылады. Ол ұйымдардың мақсаты – Мадагаскар мен Камерунды таза ауызсумен қамтамасыз ету.

– Таза сусыз өмір сүру мүмкін емес. Коронавирус адам өмірі сусыз қаншалықты қиын екенін бізге көрсетіп берді. Қол жуу – коронавирустан сақтанудың ең тиімді жолы. Бірақ су болмаса, қолыңды қалай жуасың? – деп атап өтті Кошен.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бақытты билет желтоқсанда сатып алынып, лотерея жеңімпазына сыйға берілген.

Қазақпарат

ТҮРКИЯ

ОРАЗА АЙТЫ ТОЙЛАНБАЙДЫ

Түркия биыл тұңғыш рет Ораза айт мерекесін жалпыхалықтық сипатта тойламайтын болды. Дегенмен, елде карантин талаптары жеңілдей бастады.

Өткен аптада ірі сауда орталықтары мен шаштараздар жұмысын бастады. Енді мешіттер ашылып, жексенбі күні 65 жастан асқан адамдарға бірер сағатқа көшеге шығуға рұқсат берілмек. Дегенмен сақтық шаралары әлі де болса қатаң.

Түркиядағы ең үлкен мерекелердің бірі – Ораза айт биыл тұңғыш рет жалпыхалықтық деңгейде тойланбайтын болды. Президент жарлығымен 23-26 мамыр аралығында ел аумағында комендант тық сағат жарияланды. Екі айдан бері жабық тұрған мешіттер 29 мамыр жұма күні ашылады. Ал мектептер жұмысқа күзде бір-ақ кірісетін болды.

Халық әр сенбі, жексенбі күндері болатын комендант тық сағатқа үйреніп те қалған. Дегенмен айтта үйден шықпау деген тыйым көпшілікке қиын болып тұр.

Qazaqstan.tv

ҚЫТАЙ

50 ЖҰП НЕКЕСІН ҚИДЫ

Қытайдың солтүстік-батысындағы Шэньси провинциясында эпидемиямен күресте көзге түскен 50 жұп некесін қиды.

Сиандағы Юннин қақпасының алдында ерекше той өтті. Бүгін некесін қидырған 50 ерлі-зайыптылар Шэньси провинциясының медициналық, үкіметтік, құқық қорғау және қауымдық құрылымдарында жұмыс істейді. Олар коронавирус пандемиясына байланысты той салтанатын кейінге қалдыруға мәжбүр болған еді. Сөйтіп бар күш-жігерін індетпен күреске жұмсаған болатын.

Қазақпарат

Елорда барлық өңірге үлгі болуы тиіс — А. Мамин

ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен Нұр-Сұлтан қаласының жаңа орталығын салу барысын бақылау жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысы өтті.

Нұр-Сұлтан қаласының 2019-2023 жылдарға арналған жинақы құрылысы жөніндегі кешенді жоспарды іске асыру туралы қала әкімі А. Көлгінов, тұрғын үй құрылысы, инженерлік және жолкөлік инфрақұрылымын дамыту туралы индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Б. Атамқұлов, елорданы газдандыру туралы энергетика министрі Н. Ноғаев, мектептер құрылысы туралы білім және ғылым министрі А. Аймағамбетов, халықты сумен қамтамасыз ету жағдайы туралы экология, геология және табиғи ресурстар министрі М. Мырзағалиев, сондай-ақ жұмыстың бейінді бағыттары бойынша орталық мемлекеттік органдардың басшылары баяндама жасады. Нұр-Сұлтан қаласында жинақы құрылыс салу жөніндегі 2019-2023 жылдарға арналған кешенді жоспар 23 іс-шарадан және 543 жобадан тұрады. Биыл қаланы газдандырудың I кезегін іске асыру жұмыстары жалғасады, атап айтсақ, «Көктал», «Железнодорожный», «Промышленный» және «Оңтүстік-Шығыс» тұрғын үй алаптары, ЖЭО-1, 2 реконструкциялау және ЖЭО-3 құрылысы. Ұзындығы 15,1 шақырым болатын автожолдарды, ұзындығы 84 шақырым инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды – электрмен, жылумен, сумен жабдықтау, су тарту және нөсерлік кәріз жүйесі желілерін салу және реконструкциялау жұмыстары аяқталады. Тұрғын үй алаптарын дамыту бағдарламасы бойынша – абаттандыру, мектептер, емханалар салу және т. б. жобалар іске асырылады. Бүгінде қалада 3 млн-нан астам м2 тұрғын үй салынып жатыр. Жыл басынан бері 637 мың м2 пайдалануға берілді. Биыл 10 мың орынға шақталған 13 мемлекеттік мектептің құрылысын аяқтау, сондай-ақ 2021-2022 жылдары пайдалануға беруді көздеумен 20 мың орынға шақталған 19 мектептің жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу жоспарланған. Қосымша 20 мың орынға шақталған 10 мектеп МЖӘ тетігі бойынша салынады. Құрылыстарды биыл тамыз айында бастау жоспарланған, мектептер 2021 жылдың 1 қыркүйегіне дейін пайдалануға беріледі. Отырысқа қатысушылар тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру, әлеуметтік нысандар құрылысы, көлік инфрақұрылымын дамыту, магистральды, орамішілік және аулаішілік жолдардың жағдайын жақсарту, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, көшелерді, сквелерді және басқа да жалпы қолданыстағы орындарды жарықтандыру, коммуналдық қызметтер ұсынатын қызметтердің сапасын арттыру, сондай-ақ төңіректі дамыту секілді жүйелі мәселелерді қарастырды. Премьер-Министр құрылыстардың жоспарланған көлемін қамтамасыз етуге, тұрғын үй, мектеп және басқа да әлеуметтік нысандарды пайдалануға беруге, сондай-ақ қаланың сумен қамту және абаттандыру проблемаларын шешу қажеттігіне баса назар аударды. «Елорда құрылысы – Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жүзеге асырған тарихи жоба. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев алдымызға елорданы дамыту жөнінде бірқатар нақты міндеттер қойды. Енді біздің басты міндетіміз – қаланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, оның инфрақұрылымын, сыртқы келбетін жақсарту. Елорда өмір сүру сапасының деңгейі бойынша барлық өңірге үлгі болуы тиіс», — деді А. Мамин.

ҰБТ-ны бес рет тапсыра алады

Бесіншісінде ақылы бөлімге қабылданып, грантқа ауысуға мүмкіндік бар. Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов журналистермен өткен онлайн брифингте БАҚ өкілдерін ҰБТ-дан науқан жасамауға шақырды.

– Ұлттық бірыңғай тестілеу – 16 жылдан бері өткізіліп келе жатқан рәсім. 16 жылда бұған дағдыланатын кез келді. ҰБТ-ны жазда ту етіп ұстап, үлкен мәселе етіп көтеруді түсінбеймін. Әлбетте, бұған 100 мыңнан астам адам қатысады. Дегенмен бұған науқан ретінде емес, оқуға түсу емтиханы ретінде ғана қарау керек. Қазір бұл емтиханды бір емес, төрт рет тапсыруға мүмкіндік бар. Талапкер оны да тапсыра алмаса, тамыз айында ақылы оқуға түсуге бақ сынап көруіне болады. Жылына бірнеше мың адам оқуға ақылы негізде түсіп, босаған грантқа ауысып жатыр. 50 балдан жинап грант алған талапкер де болды, – деді Асхат Аймағамбетов.

Министр Ұлттық бірыңғай тестілеу өткізген кезде өңірлердің сынақ нәтижелеріне мақтанып, жарысуына қатысты пікір білдірді.

– ҰБТ бойынша өңіраралық рейтинг жоқ. Бұрын өңірлер жарысатын, бірақ алдыңғы жылы бұны алып тастадық. Бірте-бірте бұл туралы мүлде сөз қозғамайтын боламыз.

Әр облыста ҰБТ-ға қатысушылар саны әр түрлі. Өйткені, бұған біз білім беру сапасының көрсеткіші ретінде қарай алмаймыз. Ұлттық бірыңғай тестілеуді үлкен проблема емес, жылда өтетін стандартты мәселе, күнделікті болатын қалыпты жағдай ретінде қабылдауымыз керек, – деп атап айтты министр.

Inbusiness.kz

Туу көрсеткіші өсуде

Түркістан қаласында бала туу көрсеткіші жыл сайын өсуде. Рухани шаһарда 2019 жылғы 4 айлық көлемінде 2212 сәби дүниеге келген. Ал биыл бұл көрсеткіш 2951-ге жетіп, салыстырмалы түрде өсім 739-ды құрады. Осы бағытта 540 ақ халатты абзал жан қызмет етуде.

2007 жылы ашылған перинаталдық орталық бүгінде 225 төсек-орынға шақталған. Түркістаннан өзге Кентау қаласы, Созақ және Отырар аудандарына, яғни 450 мың тұрғынға қызмет етеді.

Мұнда орталыққа келетін жүкті әйелдерге, жоғары қауіп тобындағы босанушылар мен босанған әйелдерге, жаңа туған нәрестелерге, шала туған нәрестелерге мамандандырылған және мамандандырылған акушерлік-гинекологиялық, неонаталдық, алғашқы медициналық-санитариялық және консультациялық-диагностикалық көмек көрсетіледі.

Жалпы, перзентхана құрамында ересектер және балалар реанимациясы, екі босанғаннан кейінгі бөлімше, перзентхана бөлімшесі, үш операциялық блок, жүкті әйелдер патологиясы бөлімшесі, шала туған балаларды күту бөлімшесі, диагностикалық палатамен қабылдау бөлімшесі, гинекология бөлімшесі және консультациялық диагностикалық блок бар. Одан өзге дайын дәрілік заттарды сақтауға арналған дәріхана, рентген қосымша бөлімшелері де ашылған.

Ал соңғы бес жылда 39686 бала дүниеге келді. Қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында жаңа заманауи аппаратуралар алынуда. Сонымен бірге акушер гинеколог, реаниматологтар Кореяда, Литвада, Мәскеуде және Санкт-Петербургте білім алу мүмкіндігіне ие болды.

Otyrar.kz

Жаңа вакцина мен ОПЕК+келісімі үміт сыйлады

18 мамыр күні Нұр-Сұлтан уақытымен кешкі сағат 20:00 шамасында Брент маркалы мұнай бағасы күрт қымбаттап, барреліне 35,45 долларға жетті.

Қара алтынның қымбаттауына екі жаңалық әсер етті. Біріншіден, дүйсенбі күнгі Нью-Йорк биржасы сауданы айтарлықтай өсіммен ашты. NASDAQ биржасында Dow Jones 2,9 пайыз өссе, S&P 1,9 пайыз қымбаттады.

Нарықтың көтерілуіне Moderna атты биологиялық компанияның короновирусқа қарсы вакцина ойлап тапқанын хабарлағаны әсер еткен болса керек. Аталған компанияның акциясы сол сәтте 22,5 пайыз қымбаттады.

Мұнайдың қымбаттауына екінші себеп – ОПЕК+ келісімшартының орындалуы туралы хабар. Кеше аталған ұйым бас хатшысы Мұхаммед Баркиндо Bloomberg TV арнасына берген сұхбатында мұнай бағасының 2020 жылдың екінші жартысында қымбаттай бастайтынын мәлімдеді.

Айта кетейік, келісімшарт бойынша мұнай экспорттаушы елдер тәулігіне өндірісті өткен аймен салыстырғанда 9,7 млн баррельге төмендетуі керек еді. Қазірдің өзінде өндіріс 6,3 млн баррельге азайғаны айтылуда.

Naryk.kz

Төсбелгімен марапатталды

Ақтөбе облысы ПД-де бар күш-жігерін облыс көлемінде құқық бұзушылықтың алдын алу мен қылмысқа қарсы күрес шараларының сапасын арттыруға жұмсаған ардагерлердің еңбектері назардан тыс қалмайды және үнемі қолдау көрсетіліп отырады.

Ғазиза КӘРІБАЙ,
Ақтөбе облысы

Ішкі істер органының ардагері Бауыржан Жантөринге төсбелгіні Ақтөбе облысы ПД бастығының бірінші орынбасары Қанат Әлиев пен Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғалым Даулеталин табыстады.

Бауыржан Матжанұлы Ішкі істер органында 26 жыл қызмет атқарған. Еңбек жолын 1981 жылы Қобда ауданы инспекторы болып бастаған. Кейін жемісті қызметін мемлекеттік автоинспекциясының аға инспекторы, әкімшілік тәжірибе бастығы, анықтаушы бөлімінің инспекторы болып жалғастырған. 2004 жылы батальон командирі қызметіне келген. 2004-2005 жылдар аралығында жол полиция басқармасы бастығының міндетін атқарушы болып жұмыс істеген. Осы қызметтен 2006 жылы зейнет демалысына шыққан.

Ардагер осы қауырт жұмыстың кезінде болған қызықты оқиғасымен де бөлісе кетті.

Қызылорда қаласынан Ресей Федерациясы бағытындағы 50 келі есірткі тиелген қара түсті джип автокөлігін тоқтатқан. Сол кезде МАИ бастығының нұсқауымен дереу ұстау жоспары құрылып, қаланы жапқан. Сол нұсқамаға сәйкес Хромтау қаласы жағынан 35 км қашықтықта қара түсті джип көлігі байқалған. Кейін сол автокөлікті ұстау кезінде тінту жұмыстары жүргізіліп, машинадан 50 келі есірткі табылған. Көлік айдап кету фактісімен де бір жағдай орын алған. Ленинградтан Өзбекстанға қарай 6 автокөлігі айдап әкетілмек болған. Алға қаласынан шыға берісте Бестамақ өзені жанынан қолға түсірілген.

Өз кезегінде жиналған ардагерлер қауымы мен әріптестері жылы лебіздерін білдіріп, құттықтау сөздерін айтты.

– Бұл төсбелгі менің қызметтегі жеткен жетістігім деп білемін. Игі тілектеріңіз бен құттықтау сөздеріңізге ризамын. Өнегелі қызметіміздің жемісі жастардың қызмет жолында үлгі болсын, – деп ардагер өз тілегін білдірді.

81 жастағы кейуана табылды

19 мамыр күні Прибрежное ауылының тұрғыны Қызылжар ауданының полиция бөліміне хабарласып, склероз ауруымен ауыратын анасының жоғалғанын айтқан.

Игорь МЕРЦАЛОВ,
СҚО

Аудандық полиция бөлімі мен облыстық криминалдық полиция басқармасының қызметкерлері дереу іздестіру жұмыстарын бастап кетті. Іздестіру топтары Петропавл қаласының маңындағы елді мекендерді, орман алқаптарын, саяжай қоғамдастықтарын тексерді. Қарт тұрғынды іздеуге еріктілер де қосылды. Әжейдің суреті мен ол туралы қысқаша ақпаратты танымал әлеуметтік желілерде дәл осы еріктілер тез арада жариялаған еді. 20 мамыр күні Пестрое көлі маңындағы жеке секторда жөндеу жұмыстарымен айналысып жатқан Петропавл қаласының екі тұрғыны Instagram желісіндегі әжейдің суретін көріп, оны бірден танып, шұғыл түрде полицияға хабарлады.

– Кейуананың соңғы тәулікте басынан қандай оқиға өткені есінде жоқ. Бірақ жағдайы жақсы. Одан жауап алған соң жақындарына табыс етеміз. Оның табылғаны жөнінде туыстарына хабарладық, – дейді СҚО ПД Криминалдық полиция басқармасының бөлім бастығы, полиция подполковнигі Сейілхан Жұмағұлов.

Жыл басынан бері Солтүстік Қазақстан облысының полицейлерімен із-түссіз жоғалған адамдарға байланысты 122 арыз тіркелді. Қазіргі уақытта олардың 120-сы табылды.

Ішімдік ішіп, суыт жүргендер...

Ақтөбе облысы ПД азаматтардың ішімдікпен және есірткімен масаң күйде көлік құралдарын басқармауын сұрайды және ескертеді, өйткені сіздің ойланбаған іс-әрекетіңіздің салдарынан кінәсіз адамдар зардап шегуі мүмкін.

Ғазиза КӘРІБАЙ,
Ақтөбе облысы

Автокөлікті масаң күйде басқарудың кезекті фактісін ақтөбелік полиция қызметкерлері 18 сәуір күні Мұғалжар ауданының Қандыағаш қаласында анықтады.

18 мамыр күні таңғы сағат 10:30-да Қандыағаш қаласы Есет батыр көшесінде 1954 жылы туылған Қандыағаш қаласы тұрғынының басқаруындағы ресейлік есепке алынған «Ваз-2107» маркалы автокөлігі тоқтатылды. Ер адам аудандық полиция бөлімінің уақытша ұстау изоляторына қамауға алынды. Жүргізуші ҚР ҚК-нің 346-бабының 1-тармағын бұзған.

17 мамыр күні патрульдік полиция қызметкерлерімен жол-көлік оқиғасын жасаған мас жүргізуші ұсталды.

Сағат 18:20-да патрульдік полиция батальонының қызметкерлері «Ауди - А6» маркалы автокөлігін байқаған. Полиция қызметкерлері көлікті тоқтатпақшы болған, алайда жүргізуші ізін суытпақшы болған кезде Марат Оспанов көшесі мен Әбілхайыр хан даңғылының қиылысындағы басқа автокөлікпен соқтығысқан. Анықталғандай, 1988 жылы туылған Ақтөбе қаласының тұрғыны шын мәнінде мас күйінде болған. Сонымен қатар көлік салонында 12 мм калибрлі «ИЖ-27 ЕМ» маркалы тегіс ұңғылы аңшы мылтығы мен пышақ тәркіленді. Аталған факті бойынша тергеу амалдары жүргізілуде, автокөлік айып тұрағына қойылды.

18 мамыр күні Ақтөбеде «Subaru» автокөлігінің жүргізушісі мас күйінде жол-көлік оқиғасын жасаған.

1970 жылы туылған жүргізуші шлагбаумды үйдің ауласында қағып кетіп, одан кейін аулада тұрған автокөлікпен соқтығысқан. Ақтөбелік масаң күйде болған, сондай-ақ бұрын көлік жүргізу құқығынан айырылған. Жүргізуші уақытша қамау изоляторына қамалды, тергеу әрекеттері жүргізілуде.

Жыл басынан бері Ақтөбе облысының аумағында ҚР ҚК-нің 346-бабы бойынша (көлік құралын мас күйінде жүргізу құқығынан айырылған адамның көлік құралын басқаруы) 70-тен астам факті анықталды.

Естеріңізге сала кетейік, 2020 жылдың 11 қаңтарында күшіне енген заңдағы жаңа өзгерістерге сәйкес Қазақстанда көлік құралдарын мас күйінде басқарған, көлік құралдарын басқару құқығынан бұрын айырылған жүргізушілерге қатысты жаза қатаңдатылды. Осы баптың санкциясы бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салу немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстары, не 1200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу, не сол мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыру түріндегі жазаны қарастырады.

Бекеттердің жұмысы жалғасуда

Солтүстік Қазақстан облысында 19 тосқауыл бекеті жұмысын жалғастыруда. Олар Қызылжар, Есіл, Аққайың және Шал ақын аудандарынан басқа аудандарда тұр.

Динара САҒЫНДЫҚОВА,
СҚО

– Қазір облыс аумағында қозғалыс шектелмеген, яғни облыс орталығынан Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан елді мекендерге шығуға болады. Бұл ретте барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың қатаң сақталуын есте ұстаған жөн. Облыстан тыс жерге жергілікті атқарушы органдардың келісімі бойынша рұқсат етілген құжатпен ғана шығуға болады, – дейді СҚО ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Айдын Байматов.

Тосқауыл бекеттерінде 202 полиция қызметкері, сондай-ақ медициналық және ветеринарлық қызметтің қызметкерлері жұмылдырылған. Полицейлер аймақтағы карантиндік шаралардың жеңілдегеніне қарамастан елдегі және Ресей Федерациясының шекаралас аудандарындағы эпидемиологиялық жағдайға байланысты шектеулерді сақтау қажеттігі жалғасып жатқанын айтты. Бас санитарлық дәрігердің қаулысына сәйкес қазіргі уақытта көршілердің, таныстардың, туыстардың және әріптестердің келуіне шектеу қойылды, тұрғылықты жері бойынша отбасылық іс-шараларды өткізуге тыйым салынды. Сондай-ақ, қоғамдық орындарда үш адамнан артық топтасуға болмайды. Дүкендерге және басқа да орындарға барған кезде бетперде кию режимін сақтау қажет.

Әжеге көмек көрсетті

Алматы полициясы мүгедек қызы мен төрт кішкентай немересімен бірге паркингте тұрған әжеге көмектесті.

Балалардың ең кенжесі тоғыз айлық, ол өзі жұмыс істеп жүрген сауда орталығының жер асты автотұрағында тұрып жүрген.

– Теледидардан әже мен балаларды көріп, жүрегім ауырып кетті. Жеке өзім көргенімді көңілімнен ұзақ уақытқа дейін шығара алмадым. Бұл оқиға әріптестерімді де бей-жай қалдырмады. Біз бірауыздан зейнеткерге көмектесуге шешім қабылдадық. Оны іздеп таптық. Жергілікті атқарушы органдар әйелге баспана алуға көмектескені белгілі болды. Жеке құраммен бірге жинаған қаражатымызды Дариға апайдың қолына тапсырдық. Немерелеріне тәттілер, ал өсіп келе жатқан балаға жүріп үйренетін құрылғы (ходунок) әкелдік, – деді Әуезов аудандық Полиция басқармасының басшысы Әлішер Тұрсынбетов.

Зейнеткер Дариға Қасымова тәртіп сақшыларына өздеріне көңіл бөлгені үшін, материалдық көмек көрсеткені үшін алғысын білдіріп, оларға денсаулық, сондай-ақ қаладағы қылмыс және тәртіппен күресте күш-қуат тіледі.

– Біз әлі де бұл отбасына келіп тұратын боламыз және мүмкіндігімізше оларға көмектесеміз, – деді полицейлер.

Polisia.kz

Бітіруші курсанттармен ОНЛАЙН КЕЗДЕСУ

Түлектермен, ата-аналармен kostacademy.kz Instagram парақшасының тікелей эфирінде өткен онлайн кездесуде Қаазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы Нұрлан Биекенов алдағы мемлекеттік емтихандардың ұйымдастырылуы мен шарттарын атап өтті.

Құрбанәлі ЕЛМҰРАТОВ,
Қостанай

Оқу орнының бастығы тікелей эфирдегі жүздесуде төтенше жағдайға байланысты академияда жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталып, қазіргі кезде мемлекеттік емтихан алдындағы практикасын өткеріп жатқан

түлектердің қорытынды аттестаттауға қатысты сұрақтарына жауап берді. Атап айтқанда, Ішкі істер министрлігінің нұсқауына сәйкес биыл мемлекеттік бітіру емтихандары қашықтықтан оқыту форматында өткізіледі. Ол базалық пәндер бойынша тестілеуден және бейінді пәндер бойынша онлайн режиміндегі ауызша емтиханнан тұрады.

Курсанттардың білімін объективті бағалау үшін емтихан қабылдау рәсіміне әкімшілік полиция және өзіндік қауіпсіздік саласының тәжірибелі қызметкерлері қатысып, бақылайтын болады.

Мемлекеттік емтихандарды қашықтық форматында ұйымдастыру аясында академияның атынан аумақтық бөліністерге ағымдағы жағдай ескеріле отырып, мерзімдері оңтайландырылған емтихандарды тапсыру кестелері жіберілген.

Оқу бітірушілердің емтихандарға дайындығын тиімді ұйымдастыру мақсатында академия «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР Заңына сәйкес қысқа мерзімді демалыс беруді ұсынды.

Онлайн шара барысында жалпы 50-ден астам сұрақ келіп түсті. Оның ішінде балаларының алдағы емтиханына уайымдайтын ата-аналардың, сондай-ақ, академияны тәмәмдап жатқан Тәжікстан Республикасы азаматтарын толғандырған сұрақтар да болды.

Академия бастығы ата-аналарды алаңдамауға шақырып, қорытынды аттестаттауда түлектің білімі кешенді түрде қаралатынын, яғни курсанттардың төрт жыл ішінде алған білімі мен білігі, тәртібі мен тәрбиесі де, бір сөзбен айтқанда, жалпы маман ретінде қаншалықты пісіп-жетілгені ескерілетінін түсіндірді. Ал Тәжікстан азаматтарына қатысты қазіргі таңда сол елдің өкілдерімен келіссөз жүргізіліп жатқанын, оның да көп кешікпей оң шешімін табатынына сенімді екенін жеткізді.

Тікелей эфирдегі кездесудің соңында академия бастығы төтенше жағдайға байланысты елімізде енгізілген талаптарды толық сақтағанда ғана мұндай сындарлы сәттерден сүрінбей өтуге болатынын байыптап, бірлесе еңбектенуге үндеді.

Өз кезегінде академия басшылығымен және шығарушы кафедралардың оқытушыларымен онлайн жүздесуге қатысып, көкейлеріндегі толғақты сұрақтарына толымды жауап алғандары үшін түлектер ризашылықтарын білдірді.

Үйдегі «Е-Заң көмегі»

«Е-Заң көмегі» заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі – бұл әрбір азамат үйден шықпай-ақ, мүлдем тегін білікті заң көмегін ала алатын құрал. Адвокаттар мен заң консультанттары өз кезегінде сот процесі шеңберінде жеке және заңды тұлғалар туралы деректерді тексерудің заманауи құралдарын алады.

Гүлсім ХАЛЕЛҚЫЗЫ,
Нұр-Сұлтан

Бұдан басқа жүйе дәлелдемелерді жинау процесін тездетуге мүмкіндік береді және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарымен өзара іс-қимылды жеңілдетеді.

– «Е-Заң көмегі» бірыңғай ақпараттық жүйесі «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ өз күшімен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңын орындау мақсатында әзірленді, – деп түсіндірді «ҰАТ»АҚ Басқарма төрағасы Әсет Тұрысов.

ҚР Конституциясы мен заңдарына сәйкес азаматтық, әкімшілік және қылмыстық іс жүргізу барысында білікті заң көмегін алуға әркімнің құқы бар. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін тегін негізде құқықтық ақпараттандыру түрінде алу құқығына барлық жеке және заңды тұлғалар ие.

Есірткі граффитімен күреседі

Жыл басынан Солтүстік Қазақстан облысында 76 есірткі қылмысы тіркелді. Заңсыз айналымнан 4,5 келі түрлі есірткі заты, оның ішінде бір келіге жуық синтетикалық есірткі алынды.

Юрий КЛЫКОВ,
СҚО

Сондай-ақ, ағымдағы жылы жедел уәкілдер синтетикалық препараттар сатқан екі интернет-дүкеннің жұмысын тоқтатты. Қазіргі уақытта аталған фактілер бойынша сотқа дейінгі тергеу жүргізілуде.

СҚО ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы, полиция полковнигі Жандос Басыбаевтың айтуынша, жедел уәкілдер есірткімен байланысты қылмыстарды анықтау және жолын кесу жұмысынан бөлек барлық қолжетімді арналар арқылы алдын алу шараларын да жүргізеді. Атап айтқанда, алдын алу жұмысы белгілі әлеуметтік желілерде жүргізіледі.

– Жыл басынан мектеп оқушыларымен және жастармен есірткіге қарсы күрес бағытында дәріс, кездесу мен әңгіме түрінде 130-дан астам іс-шара өткізілді. Карантиндік шаралар күнделікті жұмыс режимін өзгертті, алайда, «Қамқор» еріктілер клубы көмек көрсетуден қол үзген жоқ. Нашақорлық тақырыбына арналған бейнероликтер әлеуметтік желі үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде арнайы дайындалып жасалды. Бейнебаян СҚО ПД-ның ресми парақшаларында жарияланып, желі қолданушыларының оң пікіріне ие болды. Әлеуметтік желідегі жұмыстан бөлек, еріктілер есірткі саудалайтын интернет-ресурстардың мекенжайы салынған есірткі граффитиін өшіруге көмектесіп тұрады, – деді Жандос Басыбаев.

Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бөлінісінде WhatsApp телефон нөмірі жұмыс істейді, оған облыс немесе қаланың кез келген тұрғыны нақты мекенжайды көрсетіп, есірткі граффитиінің фотосын жібере алады. Сондай-ақ мессенджерде полиция бастамасымен құрылған чат жұмыс істейді, онда пәтер иелері кооперативтерінің төрағаларымен жұмыс жүргізіледі. Жыл басынан СҚО ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасына есірткі граффитиі туралы 50-ден астам хабарлама келіп түсті. Олардың басым бөлігі ПИК көмегімен боялды.

Жәдігерлер мұражайға табысталды

Ақтөбе облысы ПД мұражайында «Мұражайға сыйлықтар» акциясы өтті.

Ғазиза КӘРІБАЙ,
Ақтөбе облысы

Салтанатты шараға ПД Кадр саясаты басқармасының бастығы Жақсылық Нысаналин, Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғалым Даулеталин және ардагерлер қатысты.

ПД-ның мұражайында тәртіп сақшыларының жұмысы, полицияның қалыптасуы тарихын жанжақты баяндайтын экспонаттар жинақталған. Музей қорында жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеуде тәрбиелік мәні зор үш мыңға жуық жәдігерлер сақталған.

Департаменттің Кадр саясаты басқармасының бастығы Жақсылық Нысаналин шараға қатысушыларды мерекемен құттықтап, табыс еткен жәдігерлерге және 2013 жылдан бері мұражай меңгерушісі болған Айша Утеулинаға өз алғысын білдірді.

Акция аясында ІІМ ардагерлері Жақсылық Төлегенов, Анатолий

Корольчук, Ырғызбай Кенжеханов, Тамара Павлова мерекеге орай мұражай қорына жеке мұрағаттарында сақталып келген жәдігерлерді табыстады.

Мәселен, Анатолий Корольчук әулетінде 18 жан ішкі істер органдарында қызмет атқарған. Ол бала кезінен атасынан, әкесінен қалған мұраларды жинап, көзінің қарашығындай сақтаған. Ол отбасы жәдігерлері болып табылатын, 1923 жылдан ішкі істер саласында қызмет атқарған атасы Дмитрий Ивченконың әскери құтысы мен 4 әскери бас киімін, 1991 жылғы үстел сағатын табыс етті.

Ырғызбай Кенжеханов музей қорына баспа машинасы мен қысқы шинельді сыйлады. Тамара Павлова мен Жақсылық Төлегенов те музей қорына сыйлықтарын табыстады.

Акция соңына Ішкі істер министрлігінің ардагерлері, ПД Ардагерлер кеңесінің төрағасы мен мұражай меңгерушісіне департамент бастығы Атығай Арыстановтың атынан алғыс хаттар мен гүл шоқтары табыс етілді.

Қауіпсіздікті естен шығармаңыз

Кішкентай балалар қамалып қалғанда есікті ашуға жәрдем беру құтқарушылар үшін үйреншікті жұмысқа айналған. Дегенмен мұндай оқиғалар ересектердің мән бермеуі салдарынан туындап жатады.

Нұрайым КЕНЖЕХАН,
Қарағанды облысы

Жақында осындай жағдай Қарағандыда Язев көшесінде болды. Анасы кіреберіске шыққан сәтінде пәтерде қалған бүлдіршін құлыптың қақпағын жауып қойған. Анасы есікті ашуын қанша өтінгенімен, ес білмейтін бала өз бетінше есікті аша алмай, ақыры соңында әйел құтқару қызметіне қоңырау шалды.

Құтқарушылар оқиға орнына жедел жетті. Анасына тұрғын үйге кіруге көмектесу үшін құтқарушылар пәтерге балконның терезесінен автобаспалдақ арқылы кірді.

Тағы бір оқиға 12 мамырда қаладағы Гапеев көшесінде орналасқан үйлердің бірінде орын алды. Қарағанды облысының төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлерін көмек қажет болған пәтердің көршісі шақырды. Құтқарушылар автобаспалдақтың көмегімен балконға көтеріліп, есікті ашып, қызды пәтеріне кіргізді. Кілттеніп қалған пәтерде бұл кезде үш жасар тағы бір бала отырған болатын.

Құтқарушылар мұндай оқиғалардың жиі орын алып жататын айтады.

– Балалардың сыртынан есіктің кілттеліп қалу оқиғасы жетерлік.

Егер сіз пәтерден шыққыңыз келсе, есік жабылып қалмайтындай шараларды қабылдағаныңыз абзал, – дейді Қарағанды облысы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің Мамандандырылған жасақтың бастығы Дмитрий Васьковский.

Абырой болғанда құтқару жұмыстарының қай-қайсысы болсын, сәтімен аяқталып, балалар ата-аналарына аман-есен табысталып жүр.

Қарағанды облысының ТЖД бөлімшелері үйлеріне кіре алмай қалған иелерін баспаналарына кіргізу бойынша апаттық-құтқару жұмыстарымен күн сайын айналысады.

Жыл басынан бері осындай 186 құтқару операциялары өткізіліп, 204 адам құтқарылса, соның ішінде 78-і бала екенін айта кетейік.

Көбінесе құтқарушыларды шақыруға медициналық көмекке мұқтаж жалғыз қарт адамдар мен пәтерде қалған кішкентай балалар себеп болады.

Қарағанды облысының ТЖД жалғыз тұратын қарт туыстары бар барлық азаматтарға есіктің ішкі жағынан ғана ашуға болатын кез келген ысырмалар мен ілмектерді алып тастауды ұсынады. Бұл механизмдер сізге және қажет болған жағдайда жедел қызметтерге пәтерге кіруді қиындатуы мүмкін.

Ал кішкентай балалары бар адамдарға есіктерде тек кілттің көмегімен ғана жабуға болатын құлыптарды орнатуға кеңес береміз.

Есікке күтім керек екенін ұмытпаңыз. Топсаларды мезгіл сайын тазалау және майлау жөн, ал егер ақаулар болса, құлыптың немесе есікті ашып-жабуда қиыншылықтар болса, дереу шеберді шақырыңыз.

Естеріңізге болсын, ТЖД бөлімшелері есіктерді ашуды тек шұғыл жағдайда, адамның өміріне қауіп төнген кезде жүзеге асырады. Мұндай жағдайға пәтер ішінде кішкентай баланың, қарт адамның, мүгедектің, басқа да есікті өз бетінше аша алмайтын адамның қалып қоюы жатады. Сонымен қатар қосулы қалған электр құрылғылары, газ қондырғылары, жылыту құрылғылары – барлығы өрт немесе жарылу болуына себеп болуы мүмкін.

Әке ісін жалғаған ұл

Көліктегі ПД Луговой стансасындағы Желілік полиция бөлімінің Татты стансасы ЖПб КПт жедел уәкілі полиция аға лейтенанты Шавкатходжа Нуриддинов соңғы үш жыл көлемінде қызметін абыроймен атқарып келеді.

Дархан ҚОЖАБЕРГЕНОВ,
Жамбыл облысы

Шавкатходжа Әділходжаұлы ішкі істер органдарындағы алғашқы қадамын 2011 жылдың қыркүйек айында Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің Қарағанды қаласындағы академиясының тыңдаушысы ретінде жасаған болатын. Ол аталған академияны 2015 жылдың маусым айында ойдағыдай тәмәмдаған соң Көліктегі ПД Жамбыл станциясындағы ішкі істер желілік басқармасы Шу стансасы ЖПб КПб-нің жедел уәкілі ретінде тағайындалды. Ал 2016 жылдың қыркүйек айынан бастап бүгінгі күнге дейін Луговой станциясындағы желілік полиция бөлімі КПб жедел уәкілі лауазымында қызмет етіп келеді.

Жедел уәкіл Шавкатходжа Нуриддинов қызмет атқару барысында өзін тек қана жағымды жағынан танытты. Ұйымдастырушылық қабілетке ие. Өзіне және қарамағындағыларға жоғары талап қоя біледі. Қызметтік мәселелерді шешуде принципшіл. Заңсыз әрекеттерге және тәртіп бұзушылыққа жол бермейді. Нуриддиновтің қызметкерлер арасында беделі биік. Азаматтармен сыпайы да кішіпейіл һәм әдепті.

Осындай аз уақыт ішінде криминалдық полиция бөлімшесінің жұмысын, сондай-ақ Луговой станциясындағы желілік полиция бөлімінің жұмысын ұйымдастыра білген ол жетістіктері үшін бірнеше мәрте марапатталған.

Бүгінде Нуриддин әулетінен шыққан азаматтар Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарында жемісті еңбек етіп, Отан алдындағы борышын адал атқарған. Ш.Нуриддиновтің атасы – Нуриддин Кеңес Одағы кезінде 1966-1989 жылдары аралығында Көліктегі ішкі істер қызметіне қарасты Луговой стансасындағы желілік полиция бөлімшесінде жүріп, құрметті зейнетерлікке шыққан.

Ағасы – Нұрмахаматходжа Нуриддинұлы 1984 жылдан бастап 2008 жылға дейін Луговой стансасы ІІЖб уақытша ұстау изоляторының полицейі лауазымында қызмет атқарды. Бүгінде зейнеткер. Ш.Нуриддновтың әкесі – Әділходжа Исраилов 1994 жылдан 2017 жылға дейін Луговой стансасы ЖПб әр түрлі қызмет атқарып зейнетке шығып, қазіргі таңда бейнетінің зейнетіп көріп отырған азаматтың бірі.

Шавкатходжа Әділходжаұлының ішкі істер органдарындағы қызметті таңдауына Шавкаттың әкесі мен атасының осы ішкі істер органдарында қызмет атқарғаны себеп болған.

Тұрақты донор

Қызылорда қаласы ЗК-169/1 мекемесінің кезекші қызметінің тергеу изоляторы бастығының кезекші көмекшісі, әділет майоры Мұсабек Қаратаев 2006 жылдан бері үздіксіз донор болып келеді.

Р. АБДРАХМАНОВА,
Қызылорда облысы

Мұсабек Мадиханұлы жылына екі рет ерікті түрде қан тапсырып тұрады.

Қан тапсыру – қайырымдылықтың, мейірімділіктің бір көрінісі десек, Мұсабектің бұл әрекетін қанға зәру жандарға көрсетілген үлкен көмек деп айтуға болады. Өйткені бір тамшы қан бір өмірді құтқарады.

– Қызылорда облысы Қан орталығының тұрақты доноры болғандықтан, бірде маған қоңырау шалып, ауыр жағдайдағы жас қызға қан керектігін айтып, көмек сұрады. Мен бұл жағдайға бей-жай қарай алмадым. Осыған дейін қан тапсырғанымма алты-ақ ай болса да, донор болуға келістім, – дейді Мұсабек Мадиханұлы.

Ол жалпы қан тапсырудың денсаулығыма еш зияны жоқ, керісінше, жүрек қан тамырларының ауруының алдын алып, жоғары қан қысымын болдырмайтыны айтады.

– Оны мен өз денсаулығымнан байқап келемін. Донор болу арқылы мұқтаж жанның өмірін ұзартуды өзімнің азаматтық парызым деп санаймын, – дейді әділет майоры.

Құрыш білекті, дархан жүректі ҚАЖ қызметкерінің бұл қайырымды іс-әрекеті, көпке үлгі болған азаматтық түр-тұлғасын асқақтатып тұрғаны анық.

Жолдың сапасы үшін жауапқа тартылды

СҚО ПД Әкімшілік полиция басқармасының жұмыс бағыттарының бірі – жол-көше желісінің жай-күйін бақылау болып табылады. Петропавл қаласының көшелерінде көлік қозғалысы жиілеген кезде жол инфрақұрылымының кемшіліктері апатқа және жол-көлік жарақатына алып келуі мүмкін.

Игорь МЕРЦАЛОВ,
СҚО

– Асфальт опырылып, ойдым-ойдым жерлердің пайда болуы. Жұмысшы кенті сияқты қаланың бірқатар ықшам аудандарында кездеседі, – деп атап өтті СҚО ПД Әкімшілік полиция басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға инспекторы, полиция майоры Евгений Гокин. – 73 әкімшілік хаттаманың 60-сы жолды тиісті күтіп ұстауға жауапты лауазымдық тұлғаларға қатысты толтырылды.

Басты назарға жолдың жағдайы ғана емес, жол инфрақұрылымының барлық элементтері алынды. Жолдағы қауіпсіздік, әсіресе жазда жол белгілері, бағдаршам сигналдарының көрінуіне байланысты болып келеді. Кемшіліктерді жою туралы ұйғарымдарды орындау үшін мүдделі ұйымдар 300-ден астам жол белгісін тазалап бояды, сондай-ақ жол белгілерін жауып тұрған ағаш бұтақтары кесілді. Шаң-тозаң басқан 35 бағдаршам тиісті жағдайға келтірілді. Жол белгілері қайта боялып, ойдым-ойдым жерлер жөнделуде.

Сондай-ақ, полицейлер жергілікті атқарушы органдарға жол инфрақұрылымын дамыту бойынша 73 ұсыныс жолдады. Нәтижесінде Потанин, «Жас Өркен» ықшам ауданының Жамбыл көшесінде және Батыр Баян көшесіндегі №26 орта мектептің қасында жаңа жаяу жүргіншілер жолағы пайда болды.

Жыл басынан әкімшілік полицейлердің 402 рет шығуы барысында 4 мың шақырымға жуық облыс жолдары зерделеніп, 680 кемшілік анықталды. Жолды күтіп ұстауға қатысты анықталған кемшіліктер үшін 60 лауазымдық тұлға, темір жол үстінен өтетін жолды күтіп ұстауға қатысты 13 лауазымдық тұлға әкімшілік жауапқа тартылды.

Рейдтік іс-шаралар жалғасуда

Қызылорда өңірінде су айдындарына шомылмайтын адам кемдекем. Алайда кейде суға шомылушылар қауіпсіздік қағидаларын ескермей жатады. Соның салдарынан жыл сайын суға шомылу маусымында 20-дан астам адам қаза табуда.

Айгүл НҰРМАНОВА,
Қызылорда облысы

Мәселен, жыл басынан бері су айдындарында 5 адам (3-уі – балық аулау кезінде, 2-уі белгісіз жағдайда) қаза тапса, өткен 2019 жылы 26 адам қаза тапты. Оның 10-ы – бала.

Биыл ауа райының күрт жылуына байланысты Төтенше жағдайлар департаменті су айдындарындағы қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету мақсатында 30-шы сәуірде күштер мен құралдардың дайындығын тексеріп, Сырдария өзенінің қауіпті учаскелерін анықтау және ескерту тақтайшаларына түгендеу жұмыстарын жүргізді.

1 мамырдан бастап Төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлері рейдтік іс-шаралар карантин режиміне сәйкес күнделікті сағат 11:00-ден бастап 17:00-ге дейін жүргізілуде. Тұрғындардың суға түсуге дағдыланған орындарына күшейтілген кезекшіліктер ұйымдастырылуда.

Бүгінгі күні облыс тұрғындарының суға шомылуға дағдыланған 64 қауіпті учаскесі анықталып, 110 ескерту тақтайшасы орнатылған. Оған қоса жаңадан бой көтерген сол жақ жағалау тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 10 ескерту тақтайшасы орнатылды.

Алайда, суға шомылу маусымы басталмаса да оған қоса карантин режимін сақтамай суға шомылушылар да кездесуде. Мысалы, ағымдағы жылдың 6 мамырында 20 сағат 25 минутта үшінші орам тұсынан оң жағалаудан сол жағалауға жүзіп өтіп, сіңірі тартылып, қайта жағаға жете алмаған 1996 жылғы азаматты құтқарушылар жағаға шығарып, алғашқы медициналық көмек көрсетті. Достарымен бәстесемін деп өміріне қауіп төндірген бұл азамат карантин режимін бұзғаны да анық.

Жоғарыдағы айтылған су айдындарындағы рейдтік іс-шаралар туралы Қызылорда облысы ТЖД бастығы, азаматтық қорғау полковнигі Омар Бержанов республикалық және жергілікті телеарна тілшілеріне сұхбат берді.

Құрметті облыс тұрғындары мен қонақтары! Қазіргі таңда су айдындарындағы судың әлі де салқын екенін және рұқсат етілмеген жабайы жағажайға түсу аса қауіпті екенін ескертеміз!

Жарты сағатта табылды

Мамыр айында Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық полиция бөлімінің кезекшісіне бала жоғалды деген хабар түседі. Тәртіп сақшылары жылдам қимылдап, оқиға орнына жетеді. Олар ата-анасынан мән-жайды сұрастырып, жоғалған жеткіншекті жарты сағаттың ішінде тапқан.

Мөлдір САДЫРҒАЛИЕВА,
БҚО

Бұл күні баланың әкесі жұмыста болып, үйге кеш келген. Ол жұбайымен ұлының үйде жоғын байқап, үш сағат бойы жақын маңайды шолып шығады. Нәтиже болмағандықтан, ата-ана полиция қызметкерлеріне жүгінеді.

– Балам ұзақ уақыт бойы жоқ болғасын уайымдай бастадым. Жақын аумақтың барлығын қарадық, таба алмай полицияға хабарластық. Барлық полиция, мектеп мұғалімдері жұмылып, бірге іздеді. Бастысы балам аман-есен табылды. Тез әрекет еткен полицейлерге ризашылығымды білдіремін, – дейді қуанған ана.

Баланың айтуынша, қоянға шөп жинауға шығып, достарымен кездесіп қалып, ойын алаңына барған. Бұл күннің оқиғасын бізге жасөспірімді алғаш болып тапқан Бөрлі аудандық полиция бөлімінің тергеушісі, полиция аға лейтенанты Гүлмира Мамаева толық айтып берді.

– Ойнап жүріп, шаршап, қамыстың арасында жата тұрайын деп ұйықтап кетіпті. Барлық жеке құрам жұмылдырылды. Күн суықта тоңып қалған жоқ па деп уайымдадым. Баланы ең алдымен емханаға жеткіздік. Аман-сау екенін естіп, қатты қуандым, – деп бөлісті тергеуші.

Полиция бөлімінің мәліметіне сүйенсек, жыл басынан бастап ауданда үш адам жоғалған. Оның біреуі табылса, қалған екі азаматты табу былтырғы жылдан бері мүмкін болмай отыр.

Жаз шыға балалар дала кезіп, уақыттың қалай өткенін байқамай қалуы мүмкін. Сондықтан ең алдымен ата-аналар сақтық танытуы тиіс. Ендеше, балам аман болсын десеңіз, назарсыз қалдырмаңыз.

Сұлтанғалиевтер әулеті

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы – ел игілігі үшін үш атадан бері ішкі істер саласында қызмет етіп келе жатқан Сұлтанғалиевтер әулетінің ата мекені. Аталары Хасан туралы балалары мен немерелері бүгінде үлкен мақтанышпен еске алып отырады.

Ұлы Отан соғысының ардагері, милиция полковнигі Хасан Сұлтанғалиев өте мықты адам еді. Оның от пен оққа оранған соғыс алапатынан да аман өтіп, жоқшылық пен қиындыққа қарамастан өзінің тәртіп сақшысы боламын деген арман-мақсатына адал боп қалуы, оның осы мықтылығынан болар. Сонымен бәрін басынан бастап айтар болсаң, 1943 жылы қан майданның қызып тұрған шағында 17 жасында соғысқа баруға өз еркімен сұранған ол алғашқы әскери дайындықтан Чкалов облысында (бүгінде РФ Орынбор облысы) өтеді. Содан көп ұзамай №5 танк әскеріне жіберіледі. Әп дегеннен-ақ жас жігіт 2-ші Украиналық, 3-ші Белоруссиялық және 1-ші Балтық майданында ең бір кескілескен ұрыстарға қатысып, ерен ерліктер көрсетеді. Хасан Сұлтанғалиев III дәрежелі «Даңқ» орденімен, II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «За боевые заслуги» медалімен, «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен және «Кенигсбергті алғаны үшін» медалімен марапатталған.

Соғыс аяқталған соң Хасан Сұлтанғали фашистік блокададан босаған жерлерде орналасқан әскери бөлімдерде қызмет етуге қалады. Тек 1950 жылы ғана елге оралып, өзінің кәсіби бағыты – ішкі істер органдарында қызметін жалғастырады. Тәжік КСР астанасы Душанбе қаласындағы милиция мектебінде оқып келген оны басшылық учаскелік инспектор етіп тағайындайды. Хасан Сұлтанғали 37 жыл ғұмырын ішкі істер қызметіне арнаған жан. Осы кезеңде ол Ақжайық ауданының тұрғындары үшін қоғамдық тыныштық пен әл-ауқатының артуы жолында өлшеусіз еңбек сіңірді. Осы ретте Хасан Сұлтанғалиев бүкіл Қазақ КСР-інде милиция полковнигі шенін алған жалғыз адам екенін атай кеткен дұрыс.

Хасан Сұлтанғалиевтің өмірі оның ұл-қыздарына да үлкен өнеге. Оны сегіз перзентінің бесеуі әке жолын қуып, ішкі істер саласына қызметке келуінен айқын аңғарамыз. Солардың бірі Асхат Хасанұлы – Ақжайық ауданының Чапаев ауылы №10 өрт сөндіру бөлімінің бастығы. Ол жастайынан әскери киім киюді армандап өсіп, әкесіне жұмысы бойынша ұдайы көмектесіп жүретін. Әкесі ұйымдастырған көптеген қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты. Ақыр соңында өзі де «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» демекші, осы жолды таңдады. 1982 жылы Бітік ауылындағы жалпы білім беретін орта мектепті аяқтағаннан кейін Алматы қаласындағы КСРО ІІМ-нің Алматы қаласындағы өрт-техникалық училищесіне оқуға түседі. 1985 жылы жас лейтенант Мемлекеттік өрт-қадағалау қызметінің өрттен қорғау бөліміне жолдамамен жіберіледі. Ұзақ жылдар инспектор болып қызмет еткен Асхат 1995 жылы Чапаев аудандық ІІБ Өрттен қорғау бөлімінің бастығы болып тағайындалды. 2002 жылдан бері қазіргі қызметінде. Сол жылдары бұл бөлім Ақжайық ауданының №24 ӨСБ болып аталған болатын. Ол басшылық етіп келе жатқан жылдар бойы бөлімде өрт-техникалық жарақтандыруды нығайту, сапалы кадрлық құрамды жасақтау жөнінде ауқымды жұмыстар жасалды. Талапшыл, адал, жауапты, қызметке деген жанашырлығы жоғары Асхат Хасанұлы ұжым үшін үлгі бола білді. Ол жеке құрам арасында ынтымақты ахуал қалыптастыра отырып, жоғары нәтижелерге қол жеткізуге болатынын жақсы түсінді.

2002 жылы Чапаев ауылында бір мезетте бірнеше үйдің ауласынан өрт шыққан болатын. Асхат Хасанұлы оқиғаның кешке таман болғанын еске алады. Өрт туралы хабарлаған кезде ол жұмыстан келіп, үйінде демалып жатқан болатын. Дереу оқиға орнына жетеді. Ол келген кезде газ баллондарының жарылып жатқан дауысы шығады. Сөйтсе, 16 үйдің ауласы өртке оранған екен. Жапсарлас орналасқан шаруашылық-тұрмыстық ғимараттар жаппай өрттенген. Оның басты себебі – ғимараттардың бір-біріне жақын орналасуы және сол кеште соққан қатты жел болыпты. Дереу барлау жұмыстарына кіріскен өрт сөндірушілер өрт қауіпті аймақта алты газ баллонының бар екенін анықтайды. Олардың екеуі әне-міне жарылғалы тұр. Тіпті

біреуінен пысылдап газ да шығып жатыр екен. Дереу оларды алып шығып, қауіпсіз жерге шығармаса болмайды. Бірақ жеке құрамды жұмсар болса, жігіттер жарақат алуы мүмкін. Соны ескерген Асхат баллондарды алып шығуға бірінші болып өзі кіреді. Оған бөлімнің кезекші қарауылы көмекке жүгіреді. Осылайша барлық баллондар қысқа мерзімде қауіпсіз жерге шығарылып, жарылыстың алды алынып, өрт толығымен сөндірілді.

Асхат Хасанұлы өрт сөндіру бөлімінің жұмысындағы кез келген шаруаны өзінен бастайды. – Ұжым дегеніміз – біздің екінші отбасымыз. Оның да өзінің қуанышы мен қайғысы, жетістіктері мен проблемасы болады. Мен басшы ретінде әрі аға тәлімгері ретінде оның тілін таба білуге тиіспін, – дейді ол. Айтқандай-ақ әрбір қызметкерінің жүрегіне жол тауып, оның одан әрі жетіле түсуіне шабыт беріп, ұжымды жетістіктерге жетелеп келе жатқанының бір құпиясы осында. Сондықтан да болар, № 10 ӨСБ облыс бойынша ең үздіктердің қатарында. Бұл да болса әрбір қызметкерін жоғары кәсіби білім алып, офицер болуға шақырып жүретін басшының арқасы.

Әулет жалғастығы, ұрпақтар сабақтастығынан немере буын – Әлішер Хасан да тыс қалған жоқ. Асхаттың ұлының бұл жолды таңдайтындығы әу бастан-ақ анық еді. Өйткені, далаға ойнаймын деп кететін Әлішер ертелі-кеш әкесі қызмет ететін өрт сөндіру бөлімінен шықпайтын. Оны анасы жер-жердің бәрінен іздеп таба алмай жүргенде, ол әкесімен бірге түскі асқа немесе кешке бір-ақ келіп тұратын. Осылайша ол өрт сөндірушілер арасында өсті деуге болады. Өзі де: – Неге екенін білмеймін, өрт сөндіру депосы мені қатты тартып тұратын. Өрт сөндірушілердің әңгімесінен қызық еш нәрсе жоқ еді. Мұндағы әрбір жаңашылдықты біліп-тануға асығатынмын. Бұл сала менің балалық әлемімнің ажырамас бөлшегіне айналды. Содан-ақ өрт сөндіруші болатыныма күмәнсіз сендім, – деп еске алады Әлішер.

ІІМ ТЖК Көкшетау техникалық институтына жоғары үлгеріммен түскен Әлішер азаматтық қорғау саласының қыр-сырын терең меңгере түседі. Бұрын өрт сөндірушілерден естіген әңгімелерін енді өзі бастан кешіп, бұл мамандықтың әрі жауапты, әрі қиын екендігін біледі. Оқуды бітіріп, №1 Мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінде инженер боп жүргенде, иесіз қалған дүкенде болған өртті сөндіруге қатысады. Сол кезде өрт сөндірудің қиын ғана емес, қауіпті де екендігін көзбен көреді. Оқиға түн ортасында, жұрт шырт ұйқыда жатқанда болған еді. Арнайы қызмет үшін ең үлкен қиындық пен қауіп дүкеннің электр тоғынан ажыратылмағанында болды. Аптап жалыннан жалаңаштанған электр сымдары бір-бірімен қысқа тұйықталып, шытырлап жатты. Ал бұл тоқ шашылған судың ылғалы арқылы өрт сөндірушілерді соғуы мүмкін еді. Сол себептен де, ең әуелі тоқ көзін ажырату керек. Коммуналдық қызметтің кезекші электригі жетем дегенше, өрт сөндірушілер қауіпсіз қашықтықтан өрттің өршіп кетуіне жол бермей тұрды. Осылайша «тілсіз жау» дер кезінде ауыздықталды. Болғанына көп уақыт өтсе де, бұл оқиға Әлішердің есінде күні кеше болғандай қалып қойды.

Ия, өмір мектебі жас инженер үшін атасы мен әкесінен бастау алады десек те, көзбен көріп көңілге түйген тәжірибенің де Әлішер үшін орны бөлек. Атасының салып кеткен даңғыл жолы, әкесінің оның азамат боп қалыптасуында салған өзіндік ізі жас жігіттің кәсіби жолындағы арқалар жауапкершілік жүгін еселей түспек. Сондықтан да Сұлтанғалиевтер әулетінің асыл есімдері облыс тарихында ұрпақ ауысқан сайын терең бедерленіп қала бермек.

Дайындаған
Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ,
суреттер БҚО ТЖД
мұрағатынан алынды

Тегеурінді тергеуші

Тергеу – құқық қорғау саласындағы жүгі ауыр қызмет. Мұнда ар алдындағы адалдық пен жұмысқа деген жауапкершілік таразының екі басында тұрады. Бұл саланың жүгін арқалаған мамандардың әр күні, тіпті, әр сағаты, әр минуты түрлі қым-қуыт оқиғаның негізінде өрбиді. Тегеуріні мықты тергеуші болу үшін білік пен білім, уақыт пен үлкен тәжірибе керек. Қызмет жолын осы бағытпен бастаған білікті маманның бірі – полиция полковнигі Ерік Егізбаев. Бүгінде ол Нұр-Сұлтан қаласы ПД Тергеу басқармасының бөлім бастығы болып қызмет істейді. Кейіпкерімізбен аз-кем әңгіме өрбітіп, қызметінің айшығымен таныс болған едік.

– Ерік Әбдіқайымұлы, ішкі істер саласына қалай келдіңіз? Тәртіп сақшысы болу бала күнгі арманыңыз ба еді?

– Иә, бала кезімнен тергеуші болуды армандадым. Мұндай ойға сол кездегі кинолар ықпал етті. Дүниедегі жамандық атаулымен күресіп, әділдіктің туын желбіретуді қалайтынмын. Сол кездегі фильмдердің идеясы да осы бағытта болған еді. Қазіргі таңда сол балалық асыл арманым орындалды деп ойлаймын. Жалпы, тек қана арман емес, мектеп қабырғасында оқып жүріп-ақ алғашқы қадамдарды жасадым. Мәселен, жоғары сыныптарда оқып жүрген кезімде Кеңес Одағының мықты деген студенттерімен хат алысып, олардың берген тапсырмаларын орындайтынмын. Кеңес үкіметіндегі атағы жер жарған сондай жоғары оқу орнына түсуді де жоспарладым. Бірақ Кеңес Одағы ыдыраған соң тәуелсіз республиканың талапкерлері өз елдері аумағындағы құқық қорғау қызметкерлерін даярлайтын ЖОО-ға түсуге міндетті болды. Сөйтіп Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түстім. Ал 1996 жылы дипломымды қолға алып, мемлекеттік тергеу комитетінің тергеушісі болып еңбек жолымды бастадым.

– Тергеуші қызметінің өзіндік қиындығы қандай? Есте қалған ерекше оқиғалар бар ма?

– Кез келген жұмыстың қиындығы және ауыртпашылығы болады. Ал тергеуші мамандығы – психологиялық тұрғыда өте ауыр қызмет. Себебі кейде құйқаңды шымырлатып, жаныңды түршіктіретін қылмыстар орын алып жатады. Ал ондай қылмыстарды ашу, қылмыскерді анықтау үшін күн-түн демей, жұмыс істеуге тура келеді.

Жеке тәжірибемде түрлі жағдайлар болған, оның арасында қызықты сәттер де кездеседі. Еңбек жолымды бастаған алғашқы күндердің бірінде кезекшілікке түстім. Сол күні ауа райы бұзылып, жаңбыр шелектеп құйғандай жауып тұрды. Қаладағы көшенің бірінде мәйіт табылды деген хабарлама түсті. Оқиға болған жерді тауып, мәйіттің жерде, жаңбырдың астында жатқанын көріп, қарау амалдарын жүргізе бастадық. Арада 10-15 минуттай уақыт өтті. Бір кезде әлгі жерде жатқан адам тіріліп, орнынан тұрып, бізге айқайлай бастады. Мәйіттің тірілгенін көрген барлығымыздың зәреміз ұшты. Сөйтсек әлгі біз қайтыс болды деп ойлаған азамат ішімдікке сылқия тойып, ұйықтап қалған екен.

– Бүгінде оңай олжаға құныққандар көп. Осы ретте алаяқтықпен қалай күресесіздер?

– Расында да, қазір жиі кездесетін қылмыстың бір түрі – алаяқтық. Мысалы, ұрлық-бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру. Көп жағдайда оған азаматтарымыздың өзінің жеке затына мұқият болмауы, сенгіштігі себепші. Ал алаяқтар өзгенің аңғалдығын арам пиғылмен пайдаланып кетіп жатады. Мұндайда зардап шегушілер де дүниені оңай жолмен тауып, мол табысқа кенелгісі келетініне қайран қаласың. Мысалы, қаржылық пирамиданы алайық. Жәбірленушілер құйған ақшасының үстінен адам сенгісіз пайыздық пайда көремін деп ойлап, аяғында бар мүлкінен айырылып қалады. Сондай-ақ бүгінде ғаламтор арқылы жасалатын алаяқтық көбейіп кетті. Осы қылмыстардың алдын алу мақсатында көп жұмыстар атқарылады. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халыққа ескерту жасалады. Қазіргі таңда қалалық прокуратура және ПД бірлесіп, алаяқтықпен күресу бағдарламасын жүзеге асырып жатыр.

– Алдап-арбау демекші, 2016 жылы бір жас жігіт 4 мың долларды керегіне жаратып, кейін белгісіз біреулер тонап кетті деп шағымданды. Білуімше, сол жылдары бұл істі сіз жүргіздіңіз. Оқиғаның анық-қанығы қалай болды?

– Оқиға Нұр-Сұлтан қаласында орын алған болатын. Аталған жігіт ата-анасының жиған 4 мың АҚШ долларын депозит шотынан алып, жұмсап қояды. Ол ақшаны анасына апарып беруі тиіс болатын. Алайда ісін бүркеу үшін ол өзін біреулердің тонап кеткенін айтқан. Бетіне жарақат келтіріп, полицияға хабарласады. Бірақ сұрау барысында ол жігіт берген жауаптарында шатаса бастады. Сөйтіп, аяғында ешкім оны тонамағанын, бәрін ойдан шығарғанын айтып, кінәсін мойындады. Осы әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

– Соңғы уақытта әлеуметтік желідегі ұтыс ойындары қоғамның қызу талқысына түсуде. Сіздердің тарапыңыздан тексеру жұмыстары жүргізіле ме?

– Бұл да алаяқтықтың бір түріне жатады. Ішкі істер органдарында бұл іспен айналысып, онымен күресетін арнайы қызмет бар. Сол бөлімнің қызметкерлері болып табылатын компьютерлік технология мамандары арнайы тексеріс жұмыстарын жүргізіп тұрады.

– Отбасыңызда сіздің жолыңызды қуып, құқық қорғау саласына келгендер бар ма?

– Біздің әулетте менен өзге бауырларым да құқық қорғау саласында қызмет етеді. Елімізге адал қызмет етіп, елдегі тыныштықты сақтауға, азаматтардың құқығын қорғауға олар да атсалысып жүр. Ал балаларым бұл салаға қызыққанымен, өздерінің армандары және таңдаған бағыттары бар.

– Бос уақытыңызды қалай өткізесіз?

– Бос уақытымды отбасыммен табиғат аясында өткізгенді жақсы көремін. Кейде кітап оқимын, балаларыммен қызықты ойын ойнаймыз. Ауа райы жақсы болған күндері балық аулауға баруды ұнатамын. Жалпы, белсенді демалысты жақсы көремін.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Інжу БАЛТАБЕКҚЫЗЫ

БІР СУРЕТТІҢ ТАРИХЫ

Сурет – тұнып тұрған тарих, шежіре. Өткен күннен қалған бедерлі із. Сарғайған сурет мән-мағынасын ешқашан да жоймақ емес. Оның құндылығы күн өткен сайын ерекше бола түспек. Бұл жолғы бір суреттің тарихы да бек айрықша. Оқырман қауымды белгілі спорт фототілшісі, «Спорт – бейбітшілік елшісі» (1975) фестивалінің, «Советский спорт» газетінің (1980), Бүкілодақтық конкурсының (1981) лауреаты Дендербай Егізов (1939 -2005) түсірген бір суреттің тарихымен таныстырмақпыз.

Бауыржан БЕРІКҰЛЫ,
Нұр-Сұлтан

Суретті қолыма алып қарай бердім. Фотосуреттің шет-шеті аздап жыртылған. Оның арт жағында көк сиямен «Ш.Муртазаев вручает подарок Шохыру Бултекулы» деп жазылған, фотосурет 1993 жылдың 18 желтоқсан күні түсірілген. Суреттің сол жақ бұрышында Д.Егізовтің қолы қойылған.

Фотосуретте Шерхан Мұртазаның Шоқыр Бөлтекұлына ер-тұрман сыйлап тұрған сәті бейнеленген. Ол жайында Шерхан Мұртаза ағамыз былай деген:

– 1993 жылы «Қазақстан» ұлттық телерадиокомпаниясын басқарып тұрған кезімде жас боксшылар арасында Шоқыр Бөлтекұлы жүлдесі үшін республикалық жарыс өткіздік. Шоқаңды оған құрметтеп шақырдық. Келді. Тұнжыр көз, жадау қабақ, сұсты рең. Үстінде көнетоздау жеңіл пальто бар. Көп сөйлемейтін кісі. Рингтегі жекпе-жектерді қатар отырып тамашаладық. Сәлемдескен адамға жылы жымиып қана қарап, қолын созады. Ал жеңіске жеткен әр боксшыға орнынан атып тұрып, аямай қол соғады екен. Жарыс салтанаты жабыларда біз Шоқаңа күміс ер-тұрман сыйлап, марапат сөзімізді айттық. Ол бас изеп, риясыз көңілін білдірді. Даңқты боксшы аталарына көз тіккен зал іші сатыр-сұтыр қол шапалақтап ала жөнелді. Қарт шебер екі көзін тарс жұмып, тастүйін бүгілген қос жұдырығын көтерді де тұрды.

Ал енді оқырмандарымызға Шоқыр есімі кеңірек таныс болуы үшін ол туралы аз-кем ақпарат бере кетуді де жөн көрдік:



Шоқыр Бөлтекұлы 1916 жылы 29 қазан күні Маңғыстау облысы Жармыш ауылының маңында Сарқауақ деген жерде дүниеге келген. Отызыншы жылдардағы ашаршылық, аласапыран тұста Форт-Шевченко қаласындағы жетімдер үйінде оқып, орта мектепті бітірді. Ал бозбала Шоқыр 1932 жылы Алматыда ашылған алғашқы бокс секциясын жаттықтыруға кіріседі. Қанқұйлы 1937 жылы НКВД арнайы тапсырмасы бойынша жетім балалар үйінен қабілетті деген 30 баланы іріктеп алып, Алматыдағы Медеу шатқалына әкеліп, құрбан отрядын (отряд смертников) дайындайды. Сынақтан сүрінбей өткен Шоқыр Бөлтекұлы 1941 жылы Екінші дүниежүзілік соғысқа аттанып, 1944 жылы жарақаттанып елге оралады.

Одан кейін 1946 жылы Бүкілодақтық «Динамо» қоғамының біріншілігіне қатысып, чемпион атанады. Оның КСРО чемпиондары – Оугернков, Штеин, Вартанов, Соколовтармен өткізген жекпе-жектері қандай жарыстың да көркі болатын. Сол рингке шыққан жылдары Одаққа белгілі мәскеулік Сафаров, одессалық Бадкэнд, Эстон Тэд, армян Падян деген боксшылардан басым түсті. Шоқыр рингте 223 кездесу өткізіп, оның 199-ында жеңіске жеткен. Үш рет Қазақстанның (1945-47) чемпионы атанған. Ол республикада 800-ден астам боксшы әзірлеген. Оның мектебінен Мақсұт Омаров, Әбдісалан Нұрмаханов, Серік Әбдінәлиев, Виктор және Владимир Каримовтар, Асқар Құлыбаев секілді талантты шәкірттер тәрбиеленіп шықты.

Бүкілодақтық жарыстардағы үздік жетістіктері үшін КСРО спорт және денешынықтыру комитетінің 1947 жылғы 21 сәуірдегі қаулысы бойынша КСРО спорт шебері атағын тұңғыш алған қазақ. Сонымен қатар қазақ боксының королі, суретші, бірнеше тілді меңгерген полиглот Шоқыр Бейімбет Майлиннің тапсырмасымен 1936 жылы татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың мерейтойына орай оның үлкен портретін салған. «Қазақфильм» киностудиясында суретші болған. Алматыдағы Балалар мен Жасөспірімдер театрының фойесін, Максим Горький атындағы демалыс паркінің аллеяларын боксшы Шоқыр Бөлтекұлының суреттерімен безендіргенін бұл күнде біреу білсе, біреу білмес, сірә.

Кезінде Бауыржан Момышұлының өзі: «Екі-ақ нағыз қазақ бар: бірі – мен, бірі - Шоқыр», - деген екен. Шоқыр – қылышынан қан тамып тұрған 40-жылдары өз тегін «ұлы» деп жаздырған тұңғыш қазақ. Ол өз ұлтын өле сүйген патриот, сондай-ақ ұлтына жасалып жатқан қиянаттарға жаны қас болды. Тіпті Совет Одағы кезінің өзінде қайда отырса да: «Мәскеу бізді отарлап отыр», - деп ашықтан ашық айтып салатын. Ондай кезде қасында бірге отырғандар үн-түнсіз тұрып кетіп қалатын болған.

Қазақ халқының маңдайына біткен жарық жұлдыз – Ш.Бөлтекұлы 1994 жылы 78 жасында Алматы қаласында дүниеден озды.

Шымырлық – полицейге тән қасиет

Салауатты өмір салтын жанына серік етіп, кәсіби адалдықпен биік мақсаттарға ұмтылған тәртіп сақшылары аз емес. Солардың бірі Сұңғат Мағуов екенін атап өткіміз келеді.

Әйгерім РЫМБЕКОВА,
Жезқазған

Спорт пен қызметті қос қанатым деп қағида еткен Сұңғат Мағуов Жезқазған қаласының Полиция басқармасында қызмет инспекторы болып еңбек етеді.

Қоян-қолтық күресінің шебері, талай жүлдені қанжығасына байлаған Сұңғат Дүйсенбайұлы – Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданы Еркіндік ауылының тумасы. Бала кезінен полиция болуды, адамдарға көмектесуді армандап, атасы мен әжесінің тәрбиесімен бойын тәртіпке үйреткен. Отбасындағы үш баланың үлкені бала кезінен әскери салаға қызығушылық танытты, дене шынықтыруға көп көңіл бөлді. Атасы Ұлы Отан соғысының ардагері Мағу Құттыбеков Сұңғатты жауапкершілікке, қатаң тәртіпті ұстануға баулыды. Ата-әжесі, ата-анасы Сұңғатқа әр жекпе-жекке шыққанда алаңдап, тілеуін тілейді. Ол өзінің жетістігінің артында туған-туыстарының сенімі тұрғанын айтады.

Сұңғат Жезқазған қаласының Полиция басқармасынла 2014 жылдан бастап патрульдік полиция ротасы-

ның қызмет инспекторы қызметін атқарады. Өзінің қызметінің ауыртпалығына, жұмысының тығыздығына қарамастан, спортзалға баруға уақыт табуға тырысады. Жігерлі жігіттің қазақша күрес пен қоян-қолтық күрес түрлеріне деген қызығушылығы, нәтижеге деген табандылығы арқасында 2016 жылы облыстық қазақша күрес сайысынан III орынды қанжығасына байлап қайтты. Осы бір алғашқы бағындырған белесі шеберлігін одан әрі шыңдай түсуге ынталандырды. Араға уақыт салып, дарынды ұл 2018 жылы облыстық қоян-қолтық күрестен I орынды иеленсе, 2019 жылы облыстық қоян-қолтық күрестен III орынды иеленіп, тағы қоржынын молайтты.

Осынау толайым табыстарынан кейін жас спортшы ішкі істер қызметкерлерінің мақтанышы, кейінгі буынға үлгі боларлық азаматқа айналды. Спорттың қай түрінде де жетістікке жету оңай емес. Дайындық, тактика, тәжірибе, қайсарлық – спортшыны алға тартатын, алға жетелейтін алғышарттар. Ал сәтсіздіктері оны одан әрі жетелей түседі, тек талапшылдық пен табандылық таныта білу керек. Сұңғат та өз қателіктерінен сабақ алып, оларды жөндеуді үйреніп келеді.

Жауапты қызметі мен спорттық жауапкершілік – Сұңғаттың қос қанатындай. Ол шын жүректен халқына көмектесіп, қоғамдағы тәртіпті сақтауға, елдің өркендеуіне үлес қосып келеді. Денсаулықты басты байлық санайтын жас спортшы өзін тәртіпке, белсенді өмір сүруге машықтап, негізгі қызметі аяқталғаннан кейін бос уақытын өзін шынықтыруға арнайтын полиция лейтенанты әр сәтін тиімді пайдаланады. Полиция лейтенанты Сұңғаттың жеке басына бақыт, қызметтік жолы мен спортта сәттіліктер, тек жеңістер тілейміз!

Хабарландыру

Ішкі істер органдарына қатардағы және басшы құрамына жұмысқа шақырамыз.

Ішкі істер органдарында қызмет өткерудің артықшылықтары:

- жұмыс берушінің есебінен алғашқы оқыту және біліктілікті арттыру;
- қызмет өтіліне және арнаулы атағына байланысты лауазымдық жалақының артуымен тұрақты және уақтылы жалақы;
- сауықтыруға арналған жәрдемақы, мансаптық өсу;
- ведомстволық емдеу мекемелерінде тегін медициналық қызмет көрсету;
- арнаулы атағына байланысты 48 жастан бастап зейнетке шығу (ішкі істер органдарында кемінде 12 жыл 6 ай үздіксіз қызмет өткеру кезінде).

Талаптар: жасы 35-тен аспаған, бойы кемінде 170 см., білімі орта (қатардағы құрамның лауазымына) және жоғары (қызмет бағытына байланысты басшы құрамның лауазымына), Мемлекеттік қызмет істері агенттігі уәкілетті органы беретін тестілеуден өту туралы сертификаттың бар болуы, денсаулық жағдайы бойынша жарамдылығы (әскери-дәрігерлік комиссиясы анықтайды).

Толық ақпаратты алу үшін 87172716074, 87172716263, 87172716604, 87172716704, 87172716572, 87172716215, 87172716288, 87172716264, 87172716296, 87172716269, 87172716094, факс 87172716333. телефоны, e-mail: astana.ukr@mvd.gov.kz электрондық мекенжайы бойынша жүгіну қажет.

Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран

Жуырда Алматы қаласы Мамандандырылған күзет қызметі басқармасының жеке құрамы арасында «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – аманат» атты тақырыппен ерлік сабағы өтті. Онлайн түрде өткізілген ерлік сабағында басқарма қызметкерлері қызмет бабында қаза тапқан әріптестерінің ерлік істерін еске түсірді, рухтарына тағзым етті.

Гүлнәр МАҒЗҰМОВА,
Алматы

Алматы қаласы Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы бойынша еліміз тәуелсіздік алған 1991 жылдан бері 9 полицей қызмет бабында қаза тауыпты. Олардың арасында Отан алдында қабылдаған антынан айнымай, қысылтаяң кезде қылмыскерді қолға түсіруде мерт болғандары қаншама?..

– Мысалы, 1993 жылы Мәскеу қаласынан Алматы қаласына жеткізілетін жүкті күзетіп келе жатып, жол торыған қарулы қарақшыларды ұстау кезінде қаза тапқан милиция старшинасы Владимир Ирискиннің ерлігін әріптестері жиі еске алады. Ал полиция старшинасы Нұрсәбит Манапбаевтың жас өмірі 1993 жылы тамыз айында үзілді. Ол сол күні түнде қызметтен тыс уақыт болса да, тұрғындардың өміріне қауіп төндірген бұзақыларды ауыздықтау кезінде қаза тапты. Аға сержант Курванжан Саутов та 2000 жылы қызметтік міндетін өтеу кезінде бұзақылардың қолынан қаза тапты. Таңғы сағат 5-терде қарулы бұзақыны қарусыздандыруға ұмтылған сәтте көздеп атылған оқ оның өмірін қиып түсті. Бейбіт тұрғындардың қауіпсіздігі үшін өз өмірлерін құрбан еткен полиция қызметкерлерінің ерлігін біз жас мамандарға үнемі үлгі етеміз, – дейді Кадр саясаты бөлімінің аға инспекторы, полиция капитаны С.Келгенбаев.

2016 жылы алып қала Алматыны үрейге бөлеген 18 шілде қала тұрғындарының әлі есінде. Сол күні мұздай қаруланған қылмыскер Руслан Күлікбаев алты бірдей полиция қызметкерін атып өлтіріп, тоғыз адамды жаралаған болатын. 18 шілде күні Алматы қаласы Мамандандырылған күзет қызметінің полицейі Аян Ғалиев Мемлекеттік Кіріс департаментінде кезекшілікте тұрған. Кенет департаментке жүгіре басып кірген бір адам оған көшеде айналасындағы адамдарға оқ атылып жатқанын жеткізеді. Көмекшісіне «дереу орталыққа хабарла» деген бұйрықты айта сала, жүгіре шыққан Аян расымен де оңды-солды оқ жаудырып келе жатқан адамды көрісімен, оны ұстауға ұмтылады. Көзді ашып-жұмғандай сәтте шешім қабылдап үлгерген старшина қандықол қарақшыға қарсы оқ атып, ішінен жаралайды. Бірақ қарулы қылмыскер ержүрек полиция қызметкерінің өмірін бір оққа байлап үлгерген еді...

Ерлік сабағына қатысқан жеке құрам сол күні қызмет бабында қаза тапқан әріптестері Нұрғали Бөлеков, Ерлан Шегебаев, Тимур Оспанов, Долкун Гожаков, Ерлан Оспановтарды да еске алды.

Суреттер автордікі

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі және Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің қазақстандық ұйымы, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің экс-министрі, құрметті ардагері және еңбек сіңірген қызметкері, милиция генерал-полковнигі

ШУМОВ Владимир Георгиевичтің

қайтыс болуына орай марқұмның отбасы мен туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Томас Аткилсон

Талайды тамсандырған Тамшыбұлақ

Ағылшын жазушысы Ник Филдингтің «Оңтүстікке – Ұлы далаға: 1847-1852 жылғы Томас пен Люси Аткинсонның Шығыс Қазақстанға саяхаты» атты кітабының тұсаукесері және ағылшын саяхатшысы Томас пен Люси Аткинсондардың ұрпақтарымен өткен кездесу сәті көз алдымызда, көңіл сарайымызда.

Бауыржан БЕРІКҰЛЫ,
Нұр-Сұлтан

Н.Филдинг осыдан бес жыл бұрын Алтай, Жоңғар және Іле Алатауларының табиғатын зерттеп қайтқан. Сол кезде «Қазақстан» ұлттық арнасына берген сұхбатында:

– Мен таулардан қазақтың дарханды-ғын көрдім. Меніңше, қазақ халқының ұлттық нақыштарының бірі осы таулар мен жазық дала және жылқы малы. Өкінішке қарай, Қазақстанда бір ай ғана болдым. Тағы да барып, Томастың маршрутымен жүріп өткім келеді, – деп ниет білдірген екен. Дәл осы сияқты, Т.Аткинсонның алтыншы ұрпағы – Пипа Алатау-Тамшыбұлақ ханым да:

– Үлкен атамыз Джон Мэйсон Стюарт астрофизика және географиямен айналысқан. Ол кісі әулетіміз жайында көптеген еңбек қалдырды. Сол дүниелерде арғы атамыз Томас Аткинсон туралы айтылады. Тегіміздің Қазақстанмен байланысты екенін өте жақсы білеміз. Алдағы уақытта ұлдарыммен Қазақ еліне барып, атамыздың ізі қалған жерлерді көрсем деген арманым бар, – деп өз тілегін тілге тиек етеді. Әйгілі саяхатшының тағы бір ұрпағы – Пол Далгвист Қазақстанға сапары жайында:

– Аталарымыз атпен, түйемен, шанамен басып өткен сапар жолын көру, қайтадан жүріп өту біз үшін ерекше оқиға, - депті.

Арнайы қонақтар қазақ деген ұлы халықтың әлі күнге дейін жоғалтпай сақтап келе жатқан кеңпейіл жомарттығын, батырлығын, ақындығын енді бабаларының тамсанып сурет қылып салып кеткен картиналары мен естелік қылып жазып қалдырған кітаптарынан ғана көріп-білгілері келмейді, өз көздерімен көргілері келеді. Қазақ халқында «Амалдар – ниетке байланысты» деген сөз бар.

Осылайша біз бір замандарда ұлы қазақ даласын шарлаған, ұлан-ғайыр сахараның иесі қазақ қақында тасқа басып, хатқа түсіріп кеткен әйгілі жиһангездердің үрім-бұтақтары келгілері бар деген хабарды естіп, еленде-сіп жүрдік.

Саңлақ саяхатшылардың саналы ұрпақтары алыстан ат арылтып, Астанаға арнайы жетті. Біз де әуежайда алдарынан шашу шашып, домбырамен ән шырқап құрмет қылып, күтіп алыстық. Тіпті бір-екеуі кезіндегі атасы мен әжесінің киім үлгісімен киініп алған екен. Алқалаған әлеумет алдында Аткинсонның бүгінгі үрім-бұтақтары саналатын Пол Далквист, Белинда Браун, Филиппа Смит, Рауз Уайтхед арқалана сөйлеп, бабаларын ұлықтаған қазақ халқына ағынан жарыла алғыстарын жаудырып жатты.

Рухани орталығымыз – кітапхана шаңырағында өткен алқалы жиынға қатысқан Мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков:

– Ол заманда ұшақ жоқ, тек ат-шанамен, жаяу жүріп, небір қиындықтар көріп, қақаған қаһарлы қыста ұлын шетінетіп алмай, оны аман-есен еліне алып қайтуының өзі таңғаларлық нәрсе! Томас Аткинсон саяхаттаған Тамшыбұлақ өте қасиетті жер! Соның қасиетін білгеннен соң ұлының атын солай қойған, – деп атап өтті.

Томастан тамыр тартып, Алатаудан тараған ұрпақ Сарыарқадан дәм татып, қайта айналып келгенше Алматы облысына барып, Тамшыбұлақтың таңдайдан кетпес таза суынан дәм татпаққа дайындық қамына кірісіп жатты.

«Қапал, қайдасың?!» – деп жол тартық. Киелі топыраққа табаны тиген Т.Аткинсонның ұрпағы Стив Браун:

– Бұл жер Алатау-Тамшыбұлақ атамыздың өмірге келген жері. Тамшыбұлақтың сұлулығы жайлы көп естідік. Осы күнді асыға күттік. Тамшыбұлаққа ерекше дайындықпен келуді ұйғардық. Үстімізге арнайы киімді кидік. Мақсатымыз – сол уақыттағы тарихты еске түсіру, - деді.

Алатау-Тамшыбұлақ дүниеге келген Алматы облысының Қапал ауылында ескерткіш тақта орнатылды. Ескерткіш тақтаның ұзындығы – 1,70 см, ені 1,20 см болатын гранитті тас. Ескерткіш тақтада Алатау-Тамшыбұлақтың осы өлкеде туғаны жайлы қазақ, орыс

Алатау-Тамшыбұлақ

Аткинсондардың ұрпақтары және Қапал ауылының тұрғындары жиналды.

Салтанатты іс-шара қазақ халқының «Арнау» атты өлеңімен басталды. Ескерткіш тақта ашылғаннан кейін британдық саяхатшының ұрпақтары Тамшыбұлақ бұлағына барып, бұлақ басынан су ішті. Іс-шара Алматы облысының мәдениет қайраткерлерінің орындауындағы «Шілдехана» театрландырылған көрсетілімімен жалғасты. Әннен шашу шашылды. Күмбірлеген күй көңілімізді көкке көтерді. Кезінде батыр бабаларымыз жаугершілікте жүріп жараланғанында дертіне дәру болған атақты Алакөлге де арнайы ат басын бұрдық. Тұзды көлге түстік. Осылайша, қайнар бұлақтың сұлулығын көріп, шипалы суынан дәм тату біздің де бағымызға бұйырғаны бар.

Әлқисса. Жастайынан жетім қалып, туыстарының қолында жетіліп өскен ағылшын Томас Аткинсон (1799-1861) және ағылшын тілдерінде жазылған жазулар бар.

Ескерткіш тақтаның ашылу рәсіміне Астанадан Алатаудың ұрпақтарына кітапхана атынан атқосшы болып бірге аттанған Бауыржан Берікұлы мен Батырхан Қасымов және Алматы облысы әкімдігінің өкілдері, Томас және Люси деген кім, және ол қазақ даласына қашан және қалай келген?

Алғашқы еңбек жолын қарапайым тас қалаушылықтан бастаған осынау жанның алдағы өмір жолы күтпеген жұмбақтарға толы еді... Сурет салуға деген әуестігі оны алдымен архитектор болуға жетеледі.

Негізінде Аткинсонның сапары ұлы географ ғалым Александр Гумбольт-пен (1769-1859) таныстығынан бастау алады. 1844 жылы Германияның Гамбург қаласында Ресей, Қазақстан жерлерін саяхаттап өткен географ ғалыммен танысып, сапарындағы көрген қызықты хикаяларын тыңдаған Томас енді Гумбольттың кеңесі бойынша Ресей және Қазақстан өңірлерін өз көзімен көріп, саяхаттауға ниеттенеді. Ел көруге, жер көруге жаны құштар талантты Томас өзінің туған жерінен осылайша уақытша жырақтайды... «Аралап талай жердің дәмін татады».

Сөйткен Аткинсон жеті жыл, жеті ай Ресейдің азиялық бөлігін атпен, арбамен, қайықпен шарлап, алпыс мың шақырымнан астам жол жүреді.

Жүргеннен жүріп отырып 1848 жылы Семейде серуендеп, Аягөзде ат шалдырып, жолшыбай Алакөл, Балқашта бой жазып, аққу ұшып, қаз қонған Ақсу, Тентек, Сарқан, Басқан бойындағы көне қорғандардың көп сырын көкейге тоқып, Батыс Сібір генерал-губернаторы П.Горчаковтың кеңесімен Алашқа аттары мәлім би-сұлтандармен сұхбаттасып, ақырында аяңдап отырып Қапалға жетеді. Оралды, Алтайды, Қиыр Шығысты, Батыс Сібірді, Шығыс Қазақстанды кезеді. Ең бастысы, жәй жүрмей айналасынан алған әсерлерін қойын дәптеріне дестелеп, ақ қағазды айғыздап, қарындашпен құлпыртып сурет салған. Олардың ішінде асыл текті Абылайдың ұлдары Сөк, Бексұлтан төрелердің, қарапайым қазақтардың тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін этнографиялық этюдтер, көркіне көз тоймас өл¬кеміздің таңғажайып табиғатын өрнектеген пейзаждық көріністер өте көп. Отанына оралған соң осының бәрін кітапқа кіргізіп, кең-байтақ еліміздің киелі бір пұшпағы туралы айшықты акварельдермен безендірілген танымдық сипаты мол, деректік құндылығы зор тарихи-жағрапиялық альбом шығарғаны белгілі.

Бүгінгі күні осы Т.Аткинсонның еңбектерін зерттеп-зерделеп, оның мұраларын жинап жүрген ағылшын жазушысы Ник Филдингтің мұрағатында әйгілі саяхатшы-суретшінің қазақ даласына тамсанып, домбырамен ән салып тұрған сал-серілерді салған суреттерімен бірге киіз үйдегі қазақ отбасының тұрмыс-салты бейнеленген, сәукеле киген қазақ қыздарының картиналары да сақтаулы.

Ерлі-зайыпты суретшілердің, әсіресе, Жоңғар Алатауы мен Тамшыбұлақты ерекше зерттеп, оның сұлу табиғатына тамсанғандары соншалық, 1848 жылдың төртінші қарашасында дүниеге келген ұл балаларының есімін Алатау-Тамшыбұлақ деп қойған. Кіндік қаны қасиетті Қапал топырағына тамған сол Алатау Аткинсон Британияда білім алып, Гавай аралында қызмет етіпті. Жеті бала тәрбиелеп, өсіріпті. Газетке редакторлық етіпті. Бүгінде бұл есім Англиядағы үлкен бір әулеттің тегіне айналып отыр. Қазір Алатау-Тамшыбұлақтан тараған ұрпақ Ұлыбритания мен Америкада тұрып жатыр.

Жалпыұлттық қасиетті нысандар тізіміне енген еліміздің ерекше табиғи мұра ескерткіштерінің бірі - Тамшыбұлақ.

Тамшыбұлақ бұлағы – Ақсу ауданындағы Қапал ауылының орталығында орналасқан көне заманнан келе жатқан, тастан қаланып салынған ескі зираттардың астын үңгіп, тас қабырғаларды жарып шығып, тамшылардан құралып ағып жатқан қасиетті бұлақ. Бұл бұлақтың мөлдір суын жергілікті тұрғындар көне заманнан бері әр түрлі аурулар (көз, асқазан, сүйек – буын, жүйке аурулары және т.б.) емдеуге қолданған. Тамшыбұлақ табиғаты өте шұрайлы жерде орналасқан. Бұлақ қойнауы қысы-жазы көк шөптермен көмкеріліп, суықта бұлақ суы қатпай, тамшылап ағып тұрады. Бұлақтың аты осыдан шыққан. Тамшыбұлақтың суы адам денсаулығына шипалы һәм пайдалы екенін ғалымдар да мойындаған.

Тамшыбұлақты алғаш рет зерттеп, сол туралы тарихи деректерді 1859-1865 жылдары атақты саяхатшы, этнограф Ш.Уәлиханов жазған. IX ғасырдың екінші жартысында бұл жерде белгілі ғалым, географ, тарихшылар Ш.Уәлихановпен бірге Н.Потанин, Семенов-Тянь-Шяньский болып, бұлақтың өзіндік қасиетіне таң-тамаша қалған.

Шоқан Уәлиханов Қашғарияға бара жатқан кезде тоқтап, ақсақалдардан бұл су туралы сұраған. Сол көнекөз қариялардан мынандай аңыз жазып алған екен: «Күн сәулесіне құбылған Тамшыбұлақтың тамшылары бірін-бірі сүйген сұлтанның қызы мен шопанның ұлының көз жасы екен». Сұлтанның қызы Баян әр түн сайын осы қасиетті Тамшыбұлақтың шипалы суына келіп, өзінің ауыр тағдырын айтып жылаған екен. Міне, тамшылап тұрған тамшылар – Баян қыздың көз жасы».

ШЫҒАРУШЫ және МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС
Бас директор Әлімжан ЖАРЫЛҚАҒАНОВ

РЕДАКЦИЯ:
Бас редактор Тоқнияз КУЧУКОВ
Бас редактор орынбасары: Гүлсім БЕГІМОВА
Аға тілші: Бауыржан СЕГІЗБАЕВ

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді
• Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
• Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды
• Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
• Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді
• Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді
• Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Басылым «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады.
Индексі: 65395
Таралымы: 9 043
Тапсырыс: № 575

«Алматы – Болашақ» АҚ
Алматы қаласы, Алмалы ауданы, С.Мұқанов к-сі, 223В
тел: 8777-163-12-39
Газет айына 8 рет шығады.

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:
ИИК – KZ748560000000147459
БИК – KCJBKZKX
БИН – 051040005963 КБЕ-16
«БанкЦентрКредит» АҚФ
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов көшесі, 29А.
Телефон: 8 (7172) 49-02-14, ішкі нөмір 110
www.mediaovd.kz
Эл. пошта: sakshy@mediaovd.kz

Компьютер және дизайн бөлімінің қызметкері: Қайсар ЗАКИРАЕВ Корректор: Айша ӨТЕБӘЛІ Фототілшілер: Медет ӘШІРБЕКОВ, Қуанышбек ДҮЙСЕНБЕКОВ Нөмірдің кезекшісі: Бауыржан СЕГІЗБАЕВ